

Д.М. Даулеталиева

Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан  
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: balaaa.505@gmail.com)

ORCID 0000-0002-5991-7425

## Виртуалды мұражай әдісі арқылы білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың жолдары

Зерттеудің өзектілігін айқындау мақсатында нормативті құжаттар, оның ішінде «Әділетті Қазақстан — Адал азамат», «Білім туралы» заңда қарастырылған ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған патриоттық ұйымдарды жоспарлау және кәсіби тұрғыда дамуға мүмкіндік беретін міндеттер қарастырылды. Оқу процесінде виртуалды мұражай әдісі арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызын зерттеген ғалымдардың зерттеулеріне теориялық тұрғыда талдау жасалды. Зерттеудің мақсаты — білім алушылардың ұлттық құндылықтарын виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастырудың жолдарын айқындау. Зерттеуге А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бағытында оқитын 2-курстың 32 білім алушылары қатысты. Зерттеу үш кезең (анықтау, қалыптастыру, бақылау) бойынша іске асырылды. Анықтау кезеңінде авторлық сауалнама арқылы алғашқы нәтижелер алынды; қалыптастыру кезеңінде ұлттық құндылықтарды виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастырудың үш жолы: бірінші — зерттеу мәселесінің теориялық негіздерін айқындау; екінші — ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда виртуалды мұражай технологиясы арқылы (Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы) өнертанымдық бұйымдарды насихаттау; үшінші — ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған виртуалды (Өзірет Сұлтан Ұлттық-тарихи мәдени музей-қорығы, «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы) мұражайларды қолдану. Виртуалды музей — рухани және танымдық бағытта ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызы зор құрал ретінде қарастырылды. Бақылау кезеңіндегі нәтижелер қалыптастыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың тиімділігін көрсетті.

*Кілт сөздер:* ұлттық құндылық, виртуалды технология, мұражай, өнер, ұлттық сана, тарих, мәдениет.

### *Kipicne*

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылыққа қанығып өскен, бойында адамгершілік қасиеттері мен ұлттық санасы қалыптасқан, ұлттық өнер мен мәдениеттің байлығын жан дүниесіне сіңірген, өзінің еліне, жеріне, тарихы мен дәстүріне деген құрмет сезімдері оянған, парасатты және ұлтжанды, рухы мықты, кәсіби тұрғыда бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру басты мақсаттардың бірі. Білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулу олардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің, мәдени, өмірлік және адами құндылықтарының қалыптасуына ықпалы зор деп білеміз. Себебі, ұлттық құндылық — бұл білім алушының өміршең болып қалыптасуында және кәсіби тұрғыда дамуында маңызды рөл атқарады.

Қазіргі қоғамда ұлттық рух әлсіреп, тілге деген құрмет төмендеп, «құндылық» ұғымының мәні құнсызданып, қоғамдағы қарым-қатынастың жағымсыз жақтары көбеюде. Осы тұста, білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың қажеттілігі туындайды. Олай болса, біз зерттеу барысында келесідей ережелерді негізге алдық:

– «виртуалды мұражай», «ұлттық құндылық» атты ұғымдарды зерттеген ғалымдардың теориялық зерттеулері;

– «ұлттық құндылыққа» бағытталған авторлық сауалнама нәтижелері және қалыптастыру жолдары.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаев 2023 жылы Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге байланысты мәселені қозғады. Адами құндылыққа толы тұлғаны қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтарды негізге алу қажет деп баса айтты. Бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыру, әсіресе балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін ұлттық құндылыққа

бағытталған іс-шаралардың, ұйымдардың жұмыстарын жандандыру қажет [1] деп мақсат қояды. Бұл мақсат ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген өскелең ұрпақты тәрбиелеуді міндеттейді.

Бұған сәйкес, ҚР «Білім туралы» Заңының 11-бабының 1-тармақшасында жеке адамның дамуы мен қалыптасуына және кәсіби тұрғыда шыңдалуына әсер ететін ұлттық және адамзаттық құндылықтар туралы мәселе қарастырылған [2]. Демек, жоғарыдағы тұжырымдалған міндеттерге сүйене отырып, білім алушылардың ұлттық құндылықтар негізінде білімін жетілдіру міндеті қойылды. Ендеше, бұл бағыттағы міндеттерді іске асыру болашақ педагогтарды даярлауда ұлттық құндылықтарды білім беру қызметін жүзеге асыруда ресурс ретінде қолдану жолдарын іздестіру зерттеу мәселеміздің өзектілігін көрсетеді. Сондықтан, білім алушыға ұлттық құндылықтарды бағалауда, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруде және білім мазмұнын игеруде маңызы артты десек қателеспейміз.

*Зерттеудің мақсаты* — білім алушылардың ұлттық құндылықтарын виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастырудың жолдарын айқындау.

Оқушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мәселесіне Г.К. Джонисова, А. Жубандыкова және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері арналған; этнопедагогикалық құндылықтар негізінде патриоттық тәрбие беру жолдары Ж.Н. Қалиев, Н.Ш. Абдуллаев, Р.А. Джанабаева, С.Т. Иманбаева, Л.С. Майлыбаева және т.б. еңбектерінде зерделенген; ұлы ағартушылардың шығармалары мен қазақ батырларының ерлігі негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдары Б.С. Қайыржанова, Д.С. Құсайынов, Қ. Әтемова, А.Қ. Дүйсенбаев, Г.Х. Еримбетова, Ғ.Б. Базарғалиевтың зерттеулерінде ашылады. Зерттеудің құндылығын ескере отырып, білім алушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыру мәселесі әлі де зерттеуді қажет ететінін көрсетеді.

Отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды пайдаланудың жолдарын Қ. Әтемова қарастырды. Автор зерттеуінде ұлттық құндылықтың бірнеше элементтерін ұсынды. Оларды атап өтсек: туған еліміз, тіліміз, рухани мұратымызға, яғни оған патриоттық сезім, қонақжайлылық, шынайылық, адамгершілік және т.б. құндылықтар; еліміздің менталитеті мен тарихы, этникалық тұрғыдағы мәдени ерекшеліктері; ертегілер мен аңыздар, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер, халық әндері; ұлттық нақыштағы қазақи киімдер мен ұлттық тағамдар; ұлттық рәміздер мен этностық мұралар жатады [3]. Тізімделген құндылықтар отбасы тәрбиесі арқылы ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс. Ал, бұл міндетті оқу әрекетінде іске асыру біздің басты мақсатымыз деп қарауымыз қажет.

Ұлттық құндылықтардың адам үшін маңыздылығын Г.Х. Сарсенбаева зерттеді. Оның ойынша, ұлттық құндылық адамның өзінің ерекшелігі мен тілінің байлығы, мәдени мұрасы мен ұлттық дәстүрі, ұлттық тарих пен ұлттық мұраттан тұратын компоненттер жиынтығы [4]. Яғни, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру ана тілін меңгеру, ұлттың тарихы мен болашағына деген көзқарасын зерделеу, ұлттық мүдделер мен мұраларды қабылдау арқылы іске асады.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық құндылықтардың маңызын зерттегендердің бірі А.Қ. Құсайынов. Автор ұлттық құндылықтарға бағытталған тәрбиенің бірнеше бағыттарын ұсынды. Әр бағыт ұрпақ тәрбиесіне бағытталған. Автордың пікірінше, ұрпақты тәрбиелеуде тәрбиелік орта қалыптастыру қажет; отбасылық тәрбиені насихаттайтын отбасылық құндылықтар жүйесін әзірлеу қажет; психикалық процестерді қалыптастыруға, психологиялық ахуалды зерттеуге, психикалық қабілеттерді анықтауға бағытталған салауатты өмір салтын құру қажет; цифрлық білім беру жағдайында АКТ сауаттылығын қалыптастыру қажет; кәсіпкерлік қабілетін қалыптастыруға бағытталған еңбек құндылықтар жүйесін қамтамасыз ету керек [5].

Ал, эпостық мұраларды зерттей отырып, оның ең құнды құндылық екенін зерттеуінде А.М. Жұмағұлова көрсетті [6]. Ғалым өз зерттеуінде ұлттық сананы қалыптастыруда Отанды қорғау, оны қастерлеу, адалдылықты сақтау, бауырларыңды қадірлеу деген ұстанымдарды негізге ала отырып, «ұлттық код» бейнесін суреттейді. Бұл зерттеу ұлт тарихымен, ауыз әдебиетімен, эпостық жырларымен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, Г. Мұхаметқалиева және басқа да авторлардың зерттеуі өзгеше болды. Олардың пікірі бойынша, шетел тілін меңгеруде әр ұлттың мәдени ерекшеліктерін айқындап, туған жері мен тарихын, салты мен дәстүрін құрметтеуге баулу арқылы ұлттық құндылыққа тәрбиелеу керек деп санайды [7].

Г.А. Ергалиева және бірлескен авторлар рухани құндылықтың маңызын қарастыра келе, жасөспірімдердің құндылық бағдарының өзгеру себептерін түсіндіреді. Олардың пікірінше, ғалымдардың қанатты сөздері, ой-пікірлері мен ерліктерін оқу процесінде қолдану маңызды нәтиже береді [8]. Сондай-ақ, Ж.Б. Кыдыралиева ұлттық құндылықтарды оқытудың әдістемесін ұсынды.

Оның ойынша, ұлттық құндылықтардың негізінде білім алушылардың ұлттық сана-сезімі мен ұлттық рухы қалыптасатынын атап көрсетеді [9].

Жоғарыдағы еңбектерді талдау нәтижесінде, «*ұлттық құндылық* — тұлға болып қалыптасуына әсер ететін құндылықтарды бойына сіңіру, яғни тілі мен рухани байлығы, мәдениеті мен тарихы, танымы мен дәстүрі, мұрасы мен санасы, білімі мен ғылымнан тұратын құндылықтардың кешені» деп қарастырамыз.

Инновациялық кезеңде білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда мобильді қосымшаларды, виртуалды технологияларды қолдану мәселесі қарқынды дамуда.

Осы тұста, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда арнайы мобильді контент пен қосымшаларды қолданудың мүмкіндіктерін анықтап, мобильді қосымшалардың қызметтерін (викториналық ойындар, әлеуметтік желілер, виртуалды экскурсия және т.б.) А.Е. Жұмабаева және бірлескен авторлар көрсетті [10]. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған мәдени іс-шаралар, патриоттық сезімді оятатын әңгімелер, ұлт мұрасын көрсететін салт-дәстүрлер, ұлттық сананы шабыттандыратын деректі фильмдер мен подкасттар, тарихи ұлттық ғимараттар мен ескерткіштер және т.б. ресурстарды қамтамасыз ету жолдарын ұсынды. Ал, А.С. Стамбекова [11] және өзге де авторлар мобильді білім беру ортасын құру арқылы ұлттық құндылықтарға баулудың моделін әзірлеп, электронды әдістемелік лаборатория құруды өз зерттеуінде негізге алуда. Осы орайда, мобильді қосымшалардың ұлттық құндылықты қалыптастыруда орны ерекше екеніне көзіміз жетіп тұр. Мәселен, виртуалды мұражай әдісін қолдану арқылы білім алушылар ұлттық рух пен сананы оятуға бағытталған, құндылыққа бай бұйымдарды IT-технологиясы арқылы көру мүмкіндігіне ие болады.

Қазіргі цифрландыру жағдайында виртуалды мұражай әдісін зерттеген зерттеулер аз. Дегенмен, виртуалды мұражай әдісін қолдану арқылы педагогтердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесін Л.М. Умралиева және қосалқы авторлардың зерттеулерінен көруге болады [12]. Авторлар мұражайға саяхат ұйымдастыруға бағытталған курс бағдарламасын әзірлеп, оның тиімділігін дәлелдеген. Осылайша, ұлттық құндылыққа баулуда білім алушылар мәдени және көркем шығармашылық, ұлттық дәстүрдің көркемдік ерекшеліктерімен танысады.

Сондай-ақ, Р.Р. Баркибаева және т.б. авторлар білім алушылардың бойында құндылық бағдарын, патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, отанына деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған виртуалды медиатеканы ақпараттық ресурс ретінде қолданудың жолдарын қарастырды [13]. Осы орайда, білім алушылар елдің тарихына көз жүгірте отырып, салт-дәстүрге, қазаки бұйымдардың шығу тарихына шолу жасау арқылы ұлттық намыс, еліне деген сүйіспеншілік, ар-ождан және т.б. ұлттық құндылыққа толы қасиеттерді оятуға мүмкіндік алады.

Виртуалды мұражайлардың қызметін жүргізуде AR және VR технологиясын қолданудың мүмкіндіктерін көптеген ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады [14]. Мәселен, Р.Н. Қожахметова және бірлескен авторлар бұл технологияларды өнер мен ғылым тарихын, мәдениет пен тарих туралы білімді меңгеруге көмек беретін ресурс ретінде қарастырады.

Digital және Gynaudin виртуалды мұражайлардың мүмкіндіктерін қарастырды [15]. Ал, Li және т.б. авторлардың пайымдауынша, виртуалды мұражай білім алушылардың эстетикалық тартымдылығын дамытып, мәдени мұраларды көру арқылы қанағаттану сезімдеріне ие болады [16]. Бұл процесс мәдени жинақтарды әртүрлі аудиторияларға қолжетімді етеді. Демек, біз білім алушыларға мәдени мұраларды таныту арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеміз.

Ғалымдардың зерттеулерінде, «*виртуалды мұражай* — бұл жекелендіру, интерактивтілік, пайдаланушы тәжірибесі және мазмұн байлығы арқылы мұражайды толықтыру, жақсарту немесе кеңейту үшін мұражайдың сипаттамаларына сүйенетін сандық нысан» [17] деп көрсетілген. Виртуалды мұражайлар инновациялық технология ретінде мәдени-тарихи, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық аспектілерді қамтитын күрделі білім беру процесі ретінде көрінеді.

Олай болса, қазіргі инновациялық кезеңде виртуалды мұражай әдісі арқылы білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып табылатындығына көз жеткіздік.

#### *Әдістер мен материалдар*

Зерттеу барысында зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерге талдау жасалып, виртуалды мұражай әдісі мен ұлттық құндылықтың қоғамдағы және болашақ педагогтің кәсіби дамуындағы маңызын анықтау мақсатында сауалнама әдісі қолданылды. Зерттеуге Ә. Қуатбеков атындағы

Халықтар достығы университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бағытында оқитын 2-ші курстың білім алушылары қатысты. Оларға арнайы авторлық сауалнама ұсынылды. Барлығы 32 білім алушыдан сауалнама алынды.

Сауалнаманың сұрақтарын құрастыруда А.Е. Жұмабаеваның авторлық сауалнамасы негізге алынды [6]. Сауалнаманың мақсаты — виртуалды мұражай әдісі мен ұлттық құндылықтың қоғамдағы және болашақ педагогтің кәсіби дамуындағы маңызын анықтау.

Сауалнаманың сұрақтары төмендегідей:

1-ші. Сіз ұлттық құндылық ұғымын түсінесіз бе? Ж.: «Иә, түсінемін», «Жоқ, түсінбеймін», «Жауап беруге қиналамын».

2-ші. Ұлттық құндылықты не мақсатта қалыптастыру қажет деп ойлайсыз? Ж.: «Ұлттық мұраны, тарихы мен мәдениетін білу үшін», «Қазіргі таңда өзекті емес, әрі маңызы жоқ», «Жауап беруге қиналамын».

3-ші. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс деп санайсыз? Ж.: «Виртуалды мұражай әдісі», «Дәстүрлі әдістер».

4-ші. Виртуалды мұражай әдісі туралы білесіз бе? «Білемін», «Білмеймін», «Жауап беруге қиналамын».

5-ші. «Виртуалды мұражай әдісі ұлттық құндылықтарды дәріптеуде қандай мүмкіндіктерді ұсынады? Ж.: «Мәдени және тарихи мұралар мен жәдігерлерді, салт-дәртүрлерді, өнер туындыларын дәріптеу», «Жаңалықтар мен ақпараттарды насихаттау», «Ойындарды ойнау».

6-шы. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда виртуалды мұражай әдісі қандай қызметтерді атқаруы тиіс? Ж.: «Тарихи мұралар мен жәдігерлер туралы ақпарат ұсынады», «Білмеймін», «Жауап беруге қиналамын».

#### *Нәтижелер және оларды талдау*

Зерттеудің үш кезеңі іске асырылды.

Бірінші анықтау кезеңінде — авторлық сауалнама алынды. Білім алушылардан алынған сауалнаманың жауаптарына талдау жүргізейік:

1-ші. «Сіз ұлттық құндылық ұғымын түсінесіз бе?» Респонденттердің 61 %-ы оң, 29 %-ы теріс, 10 %-ы жауап беруге қиналатынын көрсетті.

2-ші. «Ұлттық құндылықты не мақсатта қалыптастыру қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа 59 %-ы ұлттық мұраны, тарихты білу мақсатында деп жауап берсе, 32 %-ы құнды, өзекті емес екенін көрсетті, ал 9 %-ы жауап беруге қиналатынын айтты.

3-ші. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс деп санайсыз?» түрінде қойылған сұраққа басым бөлігі, яғни 65 %-ы дәстүрлі әдістерді таңдайтынын, ал 29 %-ы жауап беруге қиналатынын, тек 6 %-ы виртуалды мұражай әдісін таңдағаны белгілі болды. Бұл дегеніміз виртуалды мұражай әдісі туралы білімдерінің жоқтығын көрсетеді.

4-ші. «Виртуалды мұражай әдісі туралы білесіз бе?» деген сұраққа «білемін» деген жауап 26 %-ды құрады; 54 %-ы «білмеймін», 10 %-ы «жауап беруге қиналамын» деген жауапты таңдады.

5-ші. «Виртуалды мұражай әдісі ұлттық құндылықтарды дәріптеуде қандай мүмкіндіктерді ұсынады?» деген сұраққа 28 %-ы дұрыс жауап берсе, 48 %-ы жаңалықтарды насихаттауда, 24 %-ы ойын ойнауда деп жауап берді.

6-шы. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда виртуалды мұражай әдісі қандай қызметтерді атқаруы тиіс?» деген сұраққа 32 %-ы «тарихи мұралар мен жәдігерлер туралы ақпарат ұсынады» деген жауапты тандаса, 46 %-ы «білмеймін», 22 %-ы «жауап беруге қиналамын» деген нұсқаны таңдаған.

Зерттеудің бұл кезеңінде (анықтаушы) респонденттердің зерттеу мәселесі туралы ой-пікірлері мен виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастырудың маңызы қандай деген көзқарасын анықтадық.

Тұжырымдай келе, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға жетелейтін оқытудың жаңа жолдарын қарастырудың қажеттілігі артып отыр. Осы орайда, ұлттық құндылықты виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастыру үшін зерттеудің келесі қалыптастырушы кезеңінде жүргізілген жұмыстарға тоқталайық. Біз білім алушылардың виртуалды мұражай әдісі арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың жолдарын қарастыратын боламыз:

Бірінші жолы — ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесінің философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін айқындауға бағытталған. Ұлттық құндылықтарды

қалыптастыру мәселесіне қатысты нормативті құжаттар талданып, ұлттық құндылыққа бағытталған бағдарламалар мен оқу жоспарлары, жолдаулары және т.б. қарастырылды (ҚР Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары», Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі, «Білім туралы» Заң, жалпыға міндетті білім беру стандарты). Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың теориялық негіздері зерделенді. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін виртуалды мұражай әдісі бойынша шетелдік және отандық елдердің білім беру тәжірибесін зерттеу, тарихи маңызы бар аумақтарды зерттеуде мұражай әдісін қолданудың мүмкіндіктері қарастырылды.

Екінші жолы — ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда виртуалды мұражай технологиясы арқылы өнертанымдық бұйымдарды насихаттау. Біз ұлттық көркем өнерін насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын боламыз. Білім алушыларға виртуалды музей арқылы өнер туындыларынан құралған ұлттық құндылықтардың көрінісі бейнеленген көркемдік бұйымдарды таныстырамыз:

біріншіден, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайына виртуалды тур ұйымдастыру. Мұражайда алтын әшекейлі бұйымдар, қолөнер туындылары, ұлттық киімдер, қару-жарақтар, ескі ыдыс-аяқ және т.б. құнды жәдігерлер бар. Білім алушылар жәдігерлердің шығу тарихымен, қолөнердің түрлерімен танысу барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге дағдыланады;

екіншіден, Ө. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы. Мұражай бейнелеу өнері, классикалық өнер, сәулет, мүсін өнерін насихаттауға бағытталған. Бұл шығармаларды тану, зерттеу, түсіну, қабылдау арқылы ұлттық бейнелеу өнерін дамытамыз. Мұражайдағы әрбір өнер туындыларынан ұлттық болмыс және ұлттық үн сезіледі. Демек, бұл адамгершілік, рухани, әлеуметтік, танымдық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Мәселен, қазақтың биік рухын, еркіндігі мен ерлігін айқын көрсете білген «Қыран» атты туындының бірі — ұлттық сананы, болмысты, күшті, жігерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылыққа негізделген киіз үйлердің сұлбасы қазақтың көшпелі мәдениетін, өмірін сипаттайтын өнер туындылары да көптеп кездеседі. Сонымен қатар, ар-намыс, ұяңдылық, салмақтылық, сабырлылық қасиеттері көрініс табатын «Дала аруы» атты картинаның да құндылығы жоғары, тәрбиелік жағынан берері мол туындылардың бірі. Бұл туындылардың мазмұнына тереңірек үңілсек қазақ елінің салты мен дәстүрі, тарихы мен мәдениеті, еркіндігі мен биік рухы көрініс табады. Бұл ұлттық құндылықтардың қалыптасуына негіз болып саналады.

Үшінші жолы — ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған виртуалды мұражайларды қолдану. Қазіргі таңда цифрлық білім беру жағдайында мәдени орындарды, оның ішінде мұражайды виртуалды әлемге көшіру мәселесі қарқынды жүргізілуде. Мұражайдағы тарихи мәдени жәдігерлер ұлттық болмысқа бай құндылықтардың бірі. Елдің тарихын білу, ұлттық мәдениетті сақтау, мәдени мұраны қорғау және оны келешек ұрпаққа жеткізу — біздің басты міндетіміз. Осы ретте, тарихи мәдени жәдігерлерді виртуалды мұражай әдісі арқылы таныстыру ұлттық сананы нығайтуға септігін тигізеді. Себебі, тарихи жерлерді насихаттау ұлттық бірлікті, рухани байлықты сақтайды. Біз ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған виртуалды мұражайларды ұсынамыз:

біріншіден, Әзірет Сұлтан Ұлттық-тарихи мәдени музей-қорығына саяхат ұйымдастыру. Бұл мұражайды тамашалау барысында білім алушылар археологиялық ескерткіштердің, ұлттық мұраны көрсететін тарихи ұлттық ғимараттар мен этнографиялық жәдігерлердің шығу тарихымен танысады. Киелі жердің тарихын тамашалау арқылы білім алушылардың бойында ұлттық сана мен құндылықтардың қалыптасатыны сөзсіз деп білеміз;

екіншіден, «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы. Бұл мұражайдағы таңғажайып табиғи жәдігерлер баға жетпес құндылығымен, табиғатымен ерекшеленіп, ел мен жердің тарихын суреттейтін ескерткіштердің тарихын білу білім алушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыратыны сөзсіз деп білеміз. Осы ретте, ұлттық құндылықтардың бірі ел мен жер екені бәрімізге мәлім;


үшіншіден, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы және т.б. тақырыпта 3D форматында тур ұйымдастыру. Бұл мұражай ғылыми-танымдық бағытта қызмет атқаратын мәдени орталықтардың бірі. Абайдың өмірі мен қызметі, әдеби мұрасы мен қара сөздері, тарихи құжаттар, сол заманның тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін құралдар, өнер туындылары, ескі қолжазбалар және т.б. мәдени бұйымдар біздің ұлтымыздың бейнесін

көрсетеді. Мұражайда аса құнды жәдігерлердің бірі ретінде — Абайдың алақанының табы бар. Бұл жәдігердің ғылыми құндылығы өте жоғары, әрі ұлттың мәдениетін, дәстүрін, тарихын, өнерін дәріптеуде үлесі зор. Яғни, салт-дәстүр, мәдениет, өнер ұлттық құндылықтардың бастауы. Осы ретте, музейдегі материалдар мәдени ескерткіштер, тарихи жәдігерлер, археологиялық қазбалар, сәндік қолданбалы өнер туындылары және т.б. ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға негіз болады.

Ендеше, білім алушылардың ұлттық құндылықтары өзінен-өзі қалыптаспайды. Бұл құндылықтарды қалыптастыру үшін оқу-танымдық әрекеттерді, оның ішінде виртуалды мұражайға танымдық бағытта жорық ұйымдастырудың маңызды зор екенін байқадық. Өйткені, мұражайдың әр бір элементі мәдени, рухани, тарихи құндылықтарды қалыптастыруға септігін тигізеді. Музейді тану білім алушылардың туған елге, ұлттың тарихы мен мәдениетіне, өнері мен көркем шығармаларына деген сүйіспеншілікті арттырады. Осы тұрғыдан виртуалды музей — рухани және танымдық бағытта ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызы зор. Себебі, музей ұлттық мәдениетімізді қалыптастыратын, тарихи-мәдени жәдігерлерді жинақтаушы, оларды ұрпаққа жеткізуші тарихи және рухани мекеме. Яғни, музейдің басты ұстанымдарының бірі — ұлттық құндылықты қалыптастыру. Олай болса, музейде орналасқан тарихи және мәдени құндылықтарымыз білім алушылардың бойында өз еліне, тарихына, дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Сондықтан осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруде музей мамандармен бірлесе отырып әдістемелік семинарлар, тренингтер, арнайы практикалық сабақтарды оқу процесінде іске асыру қажет.


Ендеше, зерттеудің нәтижесін анықтау мақсатында бақылау кезеңінде білім алушылардан сауалнама қайта алынды. Бақылау кезеңіндегі сауалнаманың нәтижелері:

1-ші сұрақ бойынша 77 %-ы оң, 23 %-ы теріс пайызды құрады, жауап беруге қиналатын жауаптар жоқ. Салыстырмалы түрде оң жауаптар 16 %-ға көтерілгендігін байқаймыз. Сауалнаманың көрсеткіші төмендегі суретте көрсетілген (1-сурет).




1-сурет. «Сіз ұлттық құндылық ұғымын түсінесіз бе?» сұрақтың жауабының көрсеткіштері

2-ші сұрақ бойынша респонденттердің 78 %-ы «Ұлттық мұраны, тарихы мен мәдениетін білу үшін», 19%-ы «Қазіргі таңда өзекті емес, әрі маңызы жоқ», 3%-ы «Жауап беруге қиналамын» деп жауап берді. Нәтижесі төменде диаграмма түрінде көрсетілген (2-сурет).




2-сурет. «Ұлттық құндылықты не мақсатта қалыптастыру қажет деп ойлайсыз?» деген сұрақтың жауабының көрсеткіштері

3-ші сұраққа 58 %-ы «Виртуалды мұражай әдісі», 42 %-ы «Дәстүрлі әдістер» деп жауап берді. Респонденттердің 23 %-ның көзқарасы өзгерген. Нәтижесі төмендегі суретте көрсетілген (3-сурет).




3-сурет. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс деп санайсыз?» атты сұрақтың жауабының көрсеткіштері

4-ші сұраққа респонденттердің 76 %-ы «білемін», 33 %-ы «білмеймін», 5 %-ы «жауап беруге қиналамын» деген жауап берді. Оның нәтижесі төмендегі сурет арқылы көрсетілген (4-сурет).




4-сурет. «Виртуалды мұражай әдісі туралы білесіз бе?» жауабының көрсеткіштері

5-ші сұраққа респонденттердің 78 %-ы «Мәдени және тарихи мұралар мен жәдігерлерді, салт-дәртүрлерді, өнер туындыларын дәріптеу», 23 %-ы «Жаңалықтар мен ақпараттарды насихаттау», 10 %-ы «ойындарды ойнау» деген жауап берді. Оның нәтижесі төмендегі диаграмма арқылы көрсетілген (5-сурет).



5-сурет. Респонденттердің «Виртуалды мұражай әдісі ұлттық құнылықтарды дәріптеуде қандай мүмкіндіктерді ұсынады?» деген сұрақтың жауабы

6-шы сұраққа респонденттердің 73 %-ы «Тарихи мұралар мен жәдігерлер туралы ақпарат ұсынады», 24 %-ы «білмеймін», 3 %-ы «жауап беруге қиналамын». Сұрақтың нәтижесі төменде көрсетілген (6-сурет).



6-сурет. Респонденттердің «Ұлттық құнылықтарды қалыптастыруда виртуалды мұражай әдісі қандай қызметтерді атқаруы тиіс?» деген сұраққа жауабы

Суретте көріп отырғанымыздай респонденттердің жауаптарының басым бөлігі оң көзқарасқа артқандығын, ал теріс көрсеткіші төмендегенін байқауға болады. Ендеше, оқу процесінде виртуалды мұражай арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ұсынылған жолдардың тиімділігі дәлелденді деуге негіз бар. Дегенмен де бұл нәтижемен шектелмей теріс көзқараста қалған білім алушылармен алдағы уақытта жұмыс жалғасын табады.

### Қорытынды

Оқыту процесінде виртуалды мұражай әдісін қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі өзекті әрі маңызды зерттеулердің бірі екендігіне көзіміз жетті. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі дайындықты қажет етеді. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтар білім беру жүйесінде аса маңызды рөл алатындықтан, оны ұлттық сана мен ұлттық мұра, ұлттық дәстүр, отбасы арқылы айқындап түсіндіру үшін, оның бағыттары мен компоненттерін оқыту үшін арнайы жолдарын ұсынудың маңызы зор деп білеміз. Зерттеу мәселесін талдау барысында ұлттық құндылықтарды виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастырудың: бірінші — зерттеу мәселесінің теориялық негіздерін айқындау; екінші — ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда виртуалды мұражай технологиясы арқылы (Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы) өнертанымдық бұйымдарды насихаттау; үшінші — ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған виртуалды (Әзірет Сұлтан Ұлттық-тарихи, «Таңбалы» тарихи-мәдени, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік) мұражайларды қолданудың жолдары анықталды. Сондай-ақ, ұлт жаңашырларының зерттеулерінде тіл, ұлт дәстүрі, сана, тәрбие, адамгершілік, ар-ождан және т.б. мәселелерінде айтылған пікірлері мен тұжырымдары біз үшін құнды болды.

Зерттеу нәтижесінде бірнеше ұсыныстарды ұсынайық:

- университеттің білім беру бағдарламаларына виртуалды мұражай әдісін арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған элективті курс пәндерін енгізу мүмкіндіктерін қарастыру;
- ұлттық құндылықтарды виртуалды технологияларды қолдану арқылы дәріптеуге бағытталған тәрбиелік форум, тренинг, дәріс, және т.б. іс-шараларды ата-ана, педагог, психолог мамандарымен бірлесе отырып өткізуді ұйымдастыру;
- болашақ білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруды әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қамтамасыз ету.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adilet-ti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>
- 2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- 3 Atemova K. Application of national values in family training of Kazakh people [Electronic resource] / K. Atemova, K. Kabekeyeva, P. Iskakova, A. Zhumadullaeva, G. Belgibayeva // Journal of Advanced Pharmacy Education and Research. — 2018. — №8 (4). — P. 45–50. Access mode: <https://japer.in/article/application-of-national-values-in-family-training-of-kazakh-people>
- 4 Сарсенбаева Г.Х. Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамытудың мүмкіндіктері / Г.Х. Сарсенбаева, А.Е. Жумабаева // Абай атындағы ҚазҰПУ-н Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. — 2023. — 77-т. — № 1. — 267–275-б. DOI: <https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.028>
- 5 Құсайынов А.Қ. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі [Мәтін] / А.Қ. Құсайынов // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. — № 2. — 131–141-б. DOI: <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2023-2-131-141>
- 6 Жумагулова А.М. Эпос тілі — жастардың ұлттық санасын қалыптастыру негізі [Электрондық ресурс] / А.М. Жумагулова, Н.К. Қуантаев, Б.З. Каримова // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — 189-т. — № 1. — 39–47-б. — Қолжетімділігі: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4252>
- 7 Мұхаметқалиева Г. Ұлттық құндылықтар және сөйлеу мәдениеті ерекшеліктерінің негізінде шетел тілін оқыту әдістемесі / Г. Мұхаметқалиева, Г. Балтабаева, А. Алипбаева, Ж. Жумалиева, А.Т. Бакитов // Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. — 2023. — 402-т. — № 2. — 170–181-б. DOI: <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.463>
- 8 Ергалиева Г.А. Жасөспірімдердің құндылық бағдарының өзгеру себептері / Г.А. Ергалиева, Л. Маденова, Ж.Ж. Нәбиева // Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. — 2023. — 401-т. — № 1. — 122–139-б. DOI: <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.426>

- 9 Kadyralieva Zh.B. Methodolgy of teaching national values in ancient literature / Zh.B. Kadyralieva, G.S. Baltabayeva, R. Zhalikyzy // Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. — 2023. — Vol. 1. — No. 401. — P. 172–179. Retrieved from <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5164>
- 10 Жумабаева А.Е. Мобильді оқыту технологиясы болашақ педагогтерді ұлттық құндылықтарға баулудың құралы ретінде / А.Е. Жумабаева, Р.Ж. Базарбекова, Ж.А. Жұмабаева // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. — 2023. — 79-т. — № 3. — 91–108-б. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.009>
- 11 Стамбекова А.С. Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш сынып педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулудың құрылымдық-мазмұнды моделі / А.С. Стамбекова, С.А. Нуржанова, Е. Оспанкулов // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. — 2023. — 79-т. — № 3. — 109–126-б. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.010>
- 12 Умралиева Л.М. Виртуалды мұражай әдісін көлөнер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстарды талдау үдерісінде қолдану / Л.М. Умралиева, А.К. Сабырова // Ясави университетінің хабаршысы. — 2023. — № 1(127). — 351–363-б. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.29>
- 13 Баркибаева Р.Р. Виртуальная музейная медиатека как информационный ресурс / Р.Р. Баркибаева, К.С. Кунапияева, А.М. Байгушикова // Вестник КазНУ. Серия филологическая. — 2019. — 173-т. — № 1. — 219–225-б. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2019.v173.i1.ph34>
- 14 Loureiro S.M.C. Stimulating the visit of a physical museum through a virtual one / S.M.C. Loureiro, D. Rato // Anatolia. — 2024. — Vol. 35. — No. 2. — P. 269–281. DOI: <https://doi.org/10.1080/13032917.2023.2172596>
- 15 Durmuş U. Virtual Reality Based Decision Support Model for Production Process of Museum Exhibition Projects / U. Durmuş, M. Günaydın // International Journal of Human–Computer Interaction. — 2024. — Vol. 40. — № 11. — P. 2887–2904. DOI: <https://doi.org/10.1080/10447318.2023.2175161>
- 16 Li G. Immersive museums in the digital age: exploring the impact of virtual reality on visitor satisfaction and loyalty [Electronic resource] / G. Li, S. Lin, Y. Tian // Journal of the Knowledge Economy. — 2024. — P. 1–34. — Access mode: <https://link.springer.com/article/10.1007/s13132-024-01782-7>
- 17 Sylaiou S. et al. From physical to virtual art exhibitions and beyond: Survey and some issues for consideration for the metaverse / S. Sylaiou et al. // Journal of Cultural Heritage. — 2024. — Vol. 66. — P. 86–98. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.culher.2023.11.002>

Д.М. Даулеталиева

## Способы формирования национальных ценностей обучающихся методом виртуального музея

В целях определения актуальности нашего исследования были рассмотрены нормативные документы, в том числе «Справедливый Казахстан — честный гражданин», а также задачи, позволяющие профессионально развиваться и планировать патриотические организации, направленные на популяризацию национальных ценностей, предусмотренных законом «Об образовании». В учебном процессе был проведен теоретический анализ исследований ученых, изучавших значение формирования национальных ценностей методом виртуального музея. Целью исследования является определение путей формирования национальных ценностей обучающихся с помощью виртуального музейного метода. В исследовании приняли участие 32 обучающихся 2 курса, по направлению образовательной программы «Педагогика и психология» университета дружбы народов им. А. Куатбекова. Реализованы три этапа исследования (констатирующий, формирующий, контрольный). На этапе выявления получены первые результаты авторского опроса; на этапе формирования реализованы три способа формирования национальных ценностей методом виртуального музея: первый — определение теоретических основ проблемы исследования; второй — пропаганда искусствоведческих изделий с помощью технологии виртуального музея в формировании национальных ценностей (Западно-Казахстанская областная историко-краеведческая, Государственный музей искусств им. А. Кастеева); третий — использование виртуальных (национально-исторических, историко-культурных, государственных «Жидебай-Борили», «Абая») музеев, направленных на формирование национальных ценностей. Виртуальный музей рассматривается как важный инструмент в формировании национальных ценностей в духовном и познавательном направлении. Результаты контрольного эксперимента показали эффективность работы, проводимой на этапе формирования.

*Ключевые слова:* национальная ценность, виртуальная технология, музей, искусство, национальное сознание, история, культура.

## Ways to form students' national values using the virtual museum method

To determine the relevance of our study, regulatory documents were reviewed, including “Fair Kazakhstan — Honest Citizen,” as well as objectives supporting professional development and the planning of patriotic organizations aimed at promoting national values as stipulated by the law “On Education.” A theoretical analysis was conducted of scholarly research on the significance of forming national values through the virtual museum method. The study aimed to identify ways to form students' national values using the virtual museum method. Thirty-two second-year students from the “Pedagogy and Psychology” program at A. Kuatbekov University of Friendship of Peoples participated. The research comprised three stages: ascertaining, formative, and control. Initial results from an author-developed survey were obtained at the ascertaining stage. During the formative stage, three methods were implemented: defining the theoretical foundations of the problem; promoting art history exhibits through virtual museum technology to form national values (with examples such as the West Kazakhstan Regional Historical and Local Lore Museum and the A. Kasteev State Museum of Arts); and utilizing virtual museums (national-historical, historical-cultural, and state museums such as “Zhidebai-Borili” and “Abai”) aimed at fostering national values. The virtual museum is regarded as a vital tool in shaping national values in both spiritual and cognitive aspects. Results from the control experiment demonstrated the effectiveness of the formative stage activities.

**Keywords:** national value, virtual technology, museum, art, national consciousness, history, culture.

## References

- 1 (2007). *Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyñ Ulttyq quryltaydyn «Adilette Qazaqstan — Adal azamat» atty ekinshi otyrysında soylegen sozi* [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the second meeting of the National kurultai “Adil Kazakhstan — Adal Azamat”]. akorda.kz. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyñ-ulttyk-kuryltaydyn-adilette-kazakhstan-adal-azamat-atty-ekinshe-otyrysında-soylegen-sozi-1752959> [in Kazakh].
- 2 (2007). Bylim turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi No 319-III Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on Education dated July 27, 2007, No. 319-III]. (2007, 27 July). *adilet.zan.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) [in Kazakh].
- 3 Atemova, K., Kabekeyeva, K., Iskakova, P., Zhumadullaeva, A., & Belgibayeva, G. (2018). Application of national values in family training of Kazakh people. *Journal of Advanced Pharmacy Education and Research*, 8(4), 45–50. Retrieved from <https://japer.in/article/application-of-national-values-in-family-training-of-kazakh-people>
- 4 Sarsenbaeva, G.H., & Jumabaeva, A.E. (2023). Ulttyq qundylyqtar negizinde bolashaq bastauysh bilim pedagogterinin transversaldi dagdylaryn damytudyn mumkindikteri [Opportunities for the development of Transversal skills of future primary education teachers based on national values]. *Abai atyndagy Qazaq Ulttyq Pedagogikalyq Universitetinin khabarshysy. «Pedagogikalyq gylymdar seriiasy» — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Series “Pedagogical sciences”*, 77, 1, 267–275. DOI: 10.51889/1728-5496.2023.1.76.028 [in Kazakh].
- 5 Kusainov, A. (2023). Urpaq tarbiesindegi qundylyqtar negizi [The basis of values in the education of generations]. *“Bilim” gylymi-pedagogikalyq zhurnaly — Scientific and pedagogical journal “Education”*, 2, 131–141. DOI: <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2023-2-131-141> [in Kazakh].
- 6 Jumagulova, A.M., Quantaev, N.K., & Kapimova, B.J. (2023). Epos tili — zhastardyn ulttyq sanasyn qalyptastyru negizi [The language of the epic is the basis for the formation of national consciousness of young people]. *Qazaq Ulttyq Universitetinin khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philology Series*, 189, 1, 39–47. Retrieved from <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4252> [in Kazakh].
- 7 Mukhametkaliyeva, G., Baltabaeva, G., Alipbaeva, A., Zhumaliev, Zh., & Bakitov, A.T. (2023). Ulttyq qundylyqtar zhane soileu madenieti erekshelekterinin negizinde shetel tilin oqytu adistemesi [Methods of teaching a foreign language based on national values and features of speech culture]. *Qazaqstan Respublikasynyn Ulttyq gylym akademiasynyn khabarshysy — Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 402, 2, 170–181. DOI: <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.463> [in Kazakh].
- 8 Ergalieva, G.A., Madenova, L., & Nabieva, Zh.Zh. (2023). Zhasospirimderdin qundylyq bagdarynyn ozgeru sebepteri [Reasons for changing the value orientations of adolescents]. *Qazaqstan Respublikasynyn Ulttyq gylym akademiasynyn khabarshysy — Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 401, 1, 122–139. DOI: <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.426> [in Kazakh].
- 9 Kdryaliyeva, Zh., Baltabaeva, G.S., & Zhalyqzy, R. (2023). Methodology of teaching national values in ancient literature. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 401, 1, 172–179.
- 10 Zhumabaeva, A.E., Bazarbekova, R.Zh., & Zhumabaeva, Zh.A. (2023). Mobilni oqytu tekhnologiasy bolashaq pedagogterdi ulttyq qundylyqtarga bauludyn quraly retinde [Mobile learning technology as a means of introducing future teachers to national values]. *Abai atyndagy Qazaq Ulttyq Pedagogikalyq Universitetinin khabarshysy. «Pedagogikalyq gylymdar seriiasy» — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Series “Pedagogical sciences”*, 79, 3, 91–108. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.009> [in Kazakh].

- 11 Stambekova, A.S., Nurjanova, S.A., & Ospankulov, E. (2024). Mobildi bilim беру ortasyn quru arqyly bolashaq bastaush synyp pedagogterin ulttyq qundylyqtarga bauludyn qurylymdyq-mazmundau modeli [Structural and substantive model of introducing future primary school teachers to national values through the creation of a mobile educational environment]. *Abai atyndagy Qazaq Ulttyq Pedagogikalyq Universitetinin khabarshysy. «Pedagogikalyq gylymdar seriiasy» — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Series “Pedagogical sciences”*, 79, 3, 109–126. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.010> [in Kazakh].
- 12 Umralieva, L.M., & Sabyrova, A.K. (2023). Virtualdy murazhai adisin qoloner buyimday men shygharmashylyq zhumystardy taldaу uderisinde qoldanu [Application of the virtual museum method in the process of analyzing handicrafts and creative works]. *Yasavi universitetinin khabarshysy — Bulletin of the University of Yasavi*, 1(127), 351–363. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.29> [in Kazakh].
- 13 Barkibayeva, R.R., Kunapyieva, K.S., & Baygushikova, A.M. (2019). Virtualnaia muzeinaia mediateka kak informatsionnyi resurs [Virtual Museum Media Library as an information resource]. *Vestnik Kazakhskogo Nacionalnogo Universiteta. Seria filologicheskaya — Bulletin of the Kazakh National University. Philology Series*, 173(1), 219–225. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2019.v173.i1.ph34> [in Russian].
- 14 Loureiro, S.M.C., & Rato, D. (2024). Stimulating the visit of a physical museum through a virtual one. *Anatolia*, 35, 2, 269–281. DOI: <https://doi.org/10.1080/13032917.2023.2172596>.
- 15 Durmuş, U., & Günaydın, M. (2024). Virtual Reality Based Decision Support Model for Production Process of Museum Exhibition Projects. *International Journal of Human-Computer Interaction*, 40(11), 2887–2904. DOI: <https://doi.org/10.1080/10447318.2023.2175161>.
- 16 Li, G., Lin, S., & Tian, Y. (2024). Immersive museums in the digital age: exploring the impact of virtual reality on visitor satisfaction and loyalty. *Journal of the Knowledge Economy*, 1–34. Retrieved from <https://link.springer.com/article/10.1007/s13132-024-01782-7>.
- 17 Sylaiou, S., Dafiotis, P., Koukopoulos, D., Koukoulis, C., Vital, R., Antoniou, A., & Fidas, C. (2024). From physical to virtual art exhibitions and beyond: Survey and some issues for consideration for the metaverse. *Journal of Cultural Heritage*, 66, 86–98. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.culher.2023.11.002>.

#### Information about the author

**Dauletalieva, D.M.** — Doctoral Student, University of Friendship of Peoples named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: [balaaa.505@gmail.com](mailto:balaaa.505@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5991-7425>